

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 тамыздағы N 1203 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы N 836 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астық жинау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 тамыздағы N 1203 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2 - т а р м а қ т а :

"жабық" деген сөз алынып тасталсын;

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"олар" деген сөз "628 (алты жүз жиырма сегіз) "Джон Дир" астық жинау комбайндары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бағамен," деген сөзден кейін "2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндары (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) осы қаулының 2-2 тармағына сәйкес анықталатын бағамен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"заңнамада белгіленген тәртіппен 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндары (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) аукцион нысанында өткізілетін конкурстық сауда-саттықта сатылсын.";

2) 2-2 тармақ "барабар" деген сөзден кейін ", ал істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарының (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) құны қосылған құн салығы мен аукциондық сату алымын шегере отырып, конкурстық сауда-саттықта комбайндарды сатудан түскен сомаға барабар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 2-3 және 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

"2-3. Осы қаулының 2 және 2-2-тармақтарында көрсетілген "Джон Дир" астық жинау комбайндарының құны несиені ақшалай баламада көрсету мақсатында б е л г і л е н д і .

2-4. Қосылған құн салығы мен аукциондық сату алымын шегере отырып, 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатудан түскен сома " ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамының шотына 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатудан түскен соманы есепке алу сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде несие бойынша өтеу ретінде республикалық бюджеттің кірісіне есепке алынуға тиіс".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамымен келісім бойынша несие сомасын тиісті түзету бөлігінде тауарлы несие түрінде 630 (алты жүз отыз) "Джон Дир" астық жинау комбайндарын "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамына беруді реттеуші несиелік келісімге өзгерістер енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК